«ТАЛАС АУДАНЫ
ОЙЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТ АКИМА
ОЙЫКСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ТАЛАССКОГО РАЙОНА»

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

25 тамыз 2025 жыл № 107-ө

Ойық ауылы село Ойык

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 01.07.2024 жылғы № 106-VIII Заңының 6 бабын, 16-бабының 3-тармағының 25-тармақшасын және Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 506-509 тармақтарын басшылыққа ала отырып:

1.Жер-кадастр жұмыстарын тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары»: 506. Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады. 507. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не тапсырыс берушінің аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды. 508. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабының 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларымен көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жүзеге асырылады. 509. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға Заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ойық ауылдық округінің әкімі **К.Ошакбаев**

000107